

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№10
(932)

Бейсенбі, 10 наурыз 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Мереке қарсаңында

Өмірдің мәңгілік мәні - ӘЙЕЛ

Ана – қашанда тіршіліктің тірегі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі, жақсылықтың бастауы. Халқымыз әрқашан әйел затын қастерлеген, ырыс пен ынтымақтың алтын дінгегіне балаған. Әйел затын ақындар гүлге де, күнге де, жұлдыз бен айға да теңеген. Әйел заты – қайсарлық пен қайраттылықты, іңкәрлік пен нәзіктікті қанат еткен асыл жандар.



Осындай құрметке лайық нәзік жанды аналарымыз бен сұлу қарындастарымызды мереке қарсаңында аудан әкімі Ағзам Тастеміров, ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ерлан Қазбековтар арнайы үйлеріне барып құттықтады.

Ең алдымен аудан басшысы Саумалкөл ауылының тұрғыны, ардагер-ұстаз Идея Константиновна Смирнованың үйінде болды.

Өмірінің саналы ғұмырын, көп балалы ана, «Алтын алқа» медалінің иегері Торғай Зейнешқызы Торғаеваның үйіне де ат басын бұрды.

Дастархан басында өзінің ұстаздық еткен жылдарынан сыр шертіп, қызмет істеген мектебімен үнемі тығыз байланыста екенін де қуанышпен жеткізді. Осындай құрметке бөленген ардақты ұстаз аудан басшысына аналық алғысын білдірді.

Сонан соң Ағзам Ахметжанұлы 10 бала дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірген аудан орталығының тұрғыны, көп балалы ана, «Алтын алқа» медалінің иегері Торғай Зейнешқызы Торғаеваның үйіне де ат басын бұрды.

1938 жылы дүниеге келген Батыр Ана көп жылдар бойы Качиловка ауылында сауыншы болып қызмет атқарған. Он баланы тәрбиелеп өсіріп, қазіргі уақытта үлкен бір шаңырақтың ұйытқысы болып, балалары мен келіндерінің ортасында 16 немере, 14 шөбере сүйіп отырған бақытты жан.

Айтулы мерекемен құттықтаған аудан әкімі арнайы сый-сияпатын да табыс етті.

Отбасына арнайы келіп құттықтаған аудан басшысының ілтипатына балаша қуанған Торғай Зейнешқызы аналық батасын берді.

Осы күні Ағзам Ахметжанұлы көп балалы аналардың бірі, алты бала дүниеге әкеліп және бір баланы патронаттық тәрбиеге алып тәрбиелеп өсірген «Күміс алқа» иегері Людмила Унуковичтің және бірінші топтағы мүгедек жан Жанна Дөмежановалардың да үйлеріне арнайы барып, нәзік жандыларды мерекелерімен құттықтап, арнайы сыйлықтарын табыстады.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретте: аудан әкімі А.Тастеміров
Батыр ана Т.Торғаеваны құттықтау үстінде.
Суретті түсірген автор.

Жаңа нысандар ашылды

5 наурыз күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай және 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында ауылымызда жаңадан ашылған нысандар іске қосылды.



Саумалкөл ауылының тұрғыны, жеке кәсіпкер Людмила Климович «Бизнестің жол картасы - 2020» мемлекеттік бағдарламасының қолдауымен несие алып, бұрынғы «Бриз» дәмханасына қайта жөндеу жұмыстарын жүргізіп, жаңадан қалпына келтірілген «Рандеву» дәмханасын ашса, осы күні Николай Бижовтың «Саумалкөл» ЖШС-нің жанынан жеке кәсіпкер Валентина Кутикова жаңа сауда павильоны ашылды. Салтанатты шарада жаңа нысанның ашылу құрметіне аудан әкімі Ағзам Тастеміров пен Валентина Кутикова таспа кесу рәсімін жасады.

Өзінің құттықтау сөзінде аудан әкімі осынау айтулы мереке тұсында ашылған нысандардың қарқынды жұмыс жасауына тілектестігін білдіріп, барша жиналған қауымды, әйелдер қауымын халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтап, отбасыларына амандық, қызметтеріне табыс тіледі.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.

Мереке мезеті

ӘЙЕЛ - ТІРШІЛІКТІҢ ТІРЕГІ, ОТБАСЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Адамзатқа әлемнің жарығын сыйлап, бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербеткен асыл аналарымыз қандай да болсын құрметке лайық. 8 наурыз – жүректерді нұрға толтыратын, көктемдей құлпырған арулардың ажарына ажар қосатын ұлы мереке!



Осынау жарқын мереке арналған аудандық Мәдениет үйінде «Мен әйелмін, әлемнің анасымын» атты салтанатты жиын болып өтті.

Ең алдымен Ағзам Ахметжанұлы Мәдениет үйінің кіреберісінде ұйымдастырылған ауданның түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық тағамдары мен қолөнерлері көрмесін тамашалады.

Залға жиналған асыл әжелер мен ардақты аналарды, аруларды көктемнің алғашқы мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаған аудан әкімі Ағзам Тастеміров адамзат өмірінің іргетасы әйел-ананың қолымен қаланатындығын, әйел қашанда тіршіліктің шырайы, отбасының шырағы екендігін ерекше атап өтті.

Бүгінде барлық салада: қоғамдық саяси өмірде болсын, кәсіпкерлікте, шығармашылықта, отбасында болсын, сіздер ұйымшылдық, дарын, қамқорлық танытасыздар. Әсіресе, қоғам өмірінде бейбітшілік пен келісімді нығайтудағы әйел адамзатының атқарар рөлі өте зор. Ауданымыздың дамуына қосқан үлестеріңізді жоғары бағалаймыз, - дей келе, Ағзам Ахметжанұлы бір топ әйелдерді Құрмет грамоталарымен марапаттап, Алғыс хаттарын табыс етті.

Аудан әкімі дүниеге алты сәби әкеліп, тәрбиелегені үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен «Күміс алқамен»

нағрадалған бұл дүниеден бақилық болған Қалия Әубәкірованың марапатын қызы Жанна Әубәкіроваға және Анастасия Воликоваларға өз қолымен салтанатты түрде табыстады.

Қалтқысыз еңбегі мен өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестері үшін және

Халықаралық әйелдер күніне байланысты аудандық мәслихаттың аппараты жетекшісі Рәшкен Төреқұлова Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталса, аудан әкімі аппаратының құқықтық мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшесінің АХАТ бойынша бас маманы Әсемгүл Баймақанова, Саумалкөл қазақ ОМ-нің кітапханашысы Айсұлу Нұрбахтинова, жеке кәсіпкер Алмагүл Рымбаева, орталық аудандық аурухананың дәрігер-терапевті Сәуле Сәдуақасова және Дәуқара ОМ-нің бастауыш сынып мұғалімі Мақпал Сердалина-

лар аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен және бағалы сыйлықтарымен нағрадалды. Саумалкөл агротехникалық колледжінің хатшы-іс жүргізушісі Бейнегүл Алпысбаеваға, орталық аудандық аурухананың медбикесі Бақыт Елубаеваға, «Саумалкөл» ЖШС-нің есепшісі Людмила Корзаченкоға, ауданның білім бөлімінің әдіскері Татьяна Цихачка және мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының мұрағатшысы Дана Шүкеноваларға аудан әкімінің Алғыс хаттары және естелік сыйлықтары табыс етілді.

Сонымен қатар Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай 1 наурызда өткен аудандағы этномәдени орталықтарының фестиваліне белсене қатысқандары үшін ауданның барлық этномәдени орталықтары аудан басшысының арнайы Алғыс хаттарымен марапатталды.

Аудан өнерпаздарының әсем өндері де көрермендер жүрегіне жол таба білді. Әсіресе, ауданның ер азаматтары әуелете шырқаған өндері әсемдігімен, сұлулығымен залға жиналғандарды тәнті етті.

Салтанатты жиынға қатысқан көпшілік қауым нәзіктік пен сұлулық, ақыл мен парасат, төзімділік сияқты асыл қасиеттерді бойына ұялатқан аруларымыз әрқашан да құрметке лайық екендіктерінің тағы да бір куәсі болып, көтеріңкі көңіл-күйлерімен тарқады.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.
Суретті түсірген автор.

Байқау

«Айыртау аруы – 2016» жеңімпазы анықталды



8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында 7 наурыз күні аудандық Ақан сері атындағы Мәдениет үйінде аудан әкімінің жастар саясаты жөніндегі кеңесі мен ауданның жастар бастамалары орталығының және Еркін Нұрбахтиннің ұйымдастыруымен «Айыртау аруы-2016» аудандық байқауы болып өтті.

Ерекше мерекелік, салтанатты көңіл-күйде өткен байқауға 16 мен 29 жас аралығындағы Айыртау аруына лайықты деген 11 қызымыз қатысып, 4 тур бойынша бақтарын сынады.

Біріншісі асқан көрікті, өнерлі, талантты, үріп ауызға салғандай сүйкімді қыздардың қайсысы үздік екенін анықтау қазылар алқасына оңайлыққа соқпағаны белгілі. Әрбір турда қатысушылардың әрқайсысының ерекше дайындықпен келгені байқалады.

Десек те, әр жарыстың жеңімпазы болуы шартты құбылыс. Сайысқа қатысқан 9 аруымыз өздерінің өнерлері мен сырт-келбеттеріне қарай аталымдармен марапатталды. «Вице-Айыртау аруы» жүлдесін Ажар Мұхамедиева жеңіп алса, Жаңыл Қабдығалпапова «Айыртау аруы-2016» мәртебесін қанжығасына байлады.

Табиғаты сұлулыққа тұнған Айыртаудың даласында дүниеге келген әрбір адам табиғи сұлулықтың иесі. Сондықтан, жеңіске жеткен және осы байқауға қатысып, сахнаның сәні мен көрерменнің көзайымы болған аруларымызға осы өмірдің ханшайымы болып өтулеріне тілектестігіз!

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.
Суретте: «Айыртау аруы» Ж. Қабдығалпапова.

№1 сайлау округі бойынша Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидат ЕСЕНҒАЛИЕВ СЫРЫМБЕТ ҚАЙРОШҰЛЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы



1964 жылы Көкшетау облысының Егіндіағаш ауылында дүниеге келген. Ұлты- қазақ. Білімі - жоғары, инженер-механик. 1989 жылы Көкшетау ауылшаруашылық институтын тәмамдаған. 1997 жылдан бастап «Баянтай» ЖШС-нің директоры. Жоғарғы жетістіктері мен жемісті еңбегі үшін «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығы», «Астанаға – 10 жыл» атты үкіметтік медальдармен және Қазақстан Республикасының Президентінің Алағы хатымен марапатталды. Еліміздің Тәуелсіздігінің жиырма жылдығы қарсаңында «Ауылшаруашылық

саласындағы ең үздік кәсіпкер» номинациясы бойынша аймақтық конкурстың лауреаты атанды. Айыртау ауданының Құрметті азаматы. Екі баласы бар.

Мен «Нұр Отан» партиясының атынан сайлауға түсіп отырмын. Партия Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың алағ қойған бағдарламалары мен ұлттық платформасының жүзеге асуына зол үлесімді қосамын.

Құрметті сайлаушылар!

Егер де сіздер маған үлкен сенім артып, дауыс берсеңіздер, мен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланған жағдайда өзімнің бар білімім мен мол тәжірибемді келесі мақсаттардың орындалуына жұмсар едім:

1. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауларын жүзеге асыра отырып, депутаттық міндетімді атқару. Қоғамда келісім мен достықты насихаттап, әр адамның дініне, ұлтына, әлеуметтік орнына қарамастан Қазақстанда өзін жайлы сезінуін жүзеге асыру;

2. Өзімнің депутаттық мандатымды қолдана отырып, ауылдардағы жолдарды, ауыларалық жолдарды, аудан орталығындағы аяқ жолдарын жөндеу, көшелердің көгалдануы, жарықпен қамтамасыз етілуі және қоқыстан тазартылуы сияқты жайластыру жұмыстарын міндетіме алу;

3. Жастардың білім алуы, жас мамандардың тұрғын үймен қамтылуы, көтергіш жеңілдіктердің төленуі және коммуналдық қызмет ақыларының өтелуінің мемлекеттік деңгейде қамтамасыз етілуі;

4. Зейнеткерлер мен мүгедектердің, аз қамтылған отбасы балаларының мүддесін қорғау, барлық әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктердің орындалуына жәрдемдесу. Біздің ауданда өмір сүріп жатқан барша ұлт өкілдерінің тілің, мәдениетің, әдет-ғұрпын құрметтей отырып, қоғамдық қызметті жүзеге асыру;

5. Мен салауатты өмір салты, дене шынықтыру, спорттың жақтаушысымын және алдағы уақытта осы бағыттың біздің өңірде кеңінен жайылуы үшін бар күшімді бағыттаймын. Әсіресе ұлттық спорт түрлерін, соның ішінде ат спортының таралуын насихаттаймын.

Құрметті жерлестер!

Мен Қазақстан Республикасының азаматы ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің әр азаматының өмірін жақсарту мақсатында өткізетін саяси реформалары бар саясатын толығымен қолдаймын. Кішігірім істерден бастап осы саясатты біздің ауданда да жүзеге асыруға дайынмын.

Сайлау барысында белсенді болу – бұл өз елімізге деген көзқарасымыз. Сайлауға қатысыңыздар. Егер сіздер сайлау күні маған дауыс берсеңіздер, мен жергілікті билік органдарымен бірлесе отырып, сіздердің бүгінгі және алдағы болашақта туындайтын мәселелеріңізді шешуге дайынмын. Таңдау сіздерде.

Жариялым депутаттыққа кандидат С.Қ.Есенғалиевтің сайлау қорынан төленген.

Аудандық сотта

Партиципативтік рәсімді қолдану бойынша дөңгелек үстел

Айыртау ауданының №2 аудандық сотында судьялар мен сот қызметкерлері Айыртау аудандық прокуратурасының, ауданның ішкі істер бөлімінің, Арықбалық ауылдық округінің, «Көкшетау» МҰТП РММ-нің Арықбалық филиалының өкілдерінің, сонымен қатар қорғаушылар және бұқаралық ақпарат құралдар өкілдерінің қатысуларымен «Дауды партиципативтік келісім тәртібімен реттеу» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Айыртау ауданының № 2 аудандық сотының төрағасы Қанат Әбубәкір өткізіліп отырған іс-шараны ашу барысында өткен жылдың 31 қазанында Қазақстан Республикасы Президенті Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық процестік кодексіне қол қойып, аталған кодекс биылғы жылдың 1 қаңтарынан заңды күшіне енгені туралы айтты. Аталған Азаматтық процестік кодекстің негізгі жаңашылдықтарының бірі ол - сот шешімін шығармай жатып дауды қорғаушылардың көмегімен реттеуге мүмкіндік беретін партиципативтік келісім тәсілін енгізу.

Судья Асқар Парманов өз сөзінде азаматтық істерді қарау барысында қолданылатын, яғни қорғаушылардың көмегімен жақтардың дауды партиципативтік келісім тәртібімен реттеу туралы тәсілдері бойынша егжей-тегжейлі айтып берді.

Судья осы балама түрдегі дауды реттеудің артықшылығы туралы, яғни қорғаушы тараптарға заң талаптарын бұзбай даудың шешімін табу үшін, білікті заң көмегінің және келісімінің жобасын дайындау бойынша көрсететін көмегі туралы айтты. Қорғаушылар өздеріне сенім білдірушінің барлық құқықтық салдарын ескеруге тиіс, себебі ол, шешімнің көлешетке орындалуын жеңілдетіп, азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін арттырып, сот даулар бойынша азаматтардың арасындағы наразылығын төмендетеді және сот жұмыстарын азайтып жеңілдететін көрсетті.

Іс-шара соңында, жиынға қатысушылар азаматтық істерді қарау барысында партиципативтік рәсімді қолдану бойынша мәселелерді талқылап, өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Айыртау ауданының №2 аудандық соты

№9 Украин сайлау округі бойынша Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидат КАЗАРКИН ВЛАДИМИР ЯКОВЛЕВИЧТІҢ сайлауалды бағдарламасы



1957 жылы Семей облысының Знаменка селосында дүниеге келген.

1979 жылы Семей қаласының зооветеринарлық жоғарғы оқу орнының зооинженерлік факультетін бітіріп, сол жылы «Каменный Брод» кеңшарының №2 бөлімшесінде, одан кейін «Кутузовка» кеңшарының №1 бөлімшесінде зоотехник болып қызмет атқарды. Қызмет істеген жылдарда «Айыртау» кеңшарының бас зоотехнигі, директоры болды. «Кутузовка» шаруашылығының, «Жер-Ана Агрофирмасы» ЖШС директоры. Қазіргі таңда «Кутузовка-Әліби», «Кирилловка-Айыртау», «Арықбалық» ЖШС-нің директоры. Бұдан бұрын аудандық мәслихатқа депутат болып сайланған.

Құрметті сайлаушылар!

Маған ауыл тұрғыны және ауыл шаруашылығы кәсіпорнының басшысы ретінде ауыл тұрғындарының қалай өмір сүретіндігі жақсы таныс. Егер маған үлкен сенім артып, аудандық мәслихаттың депутаттығына сайлар болсаңыздар, онда мен бар күшімді, білімім мен тәжірибемді сала отырып, біз күн сайын кезігетін мәселелерді шешуге тырысамын.

«Нұр Отан» партиясынан ұсыныла отырып, өзімнің сайлауалды бағдарламама партияның «Қазақстан-2021: Бірлік! Тұрақтылық! Жасампаздық!» сайлауалды платформасын негізге аламын. Аудандық мәслихатқа ауыл шаруашылығы секторы атынан

депутаттыққа сайланған азаматтың осы саладан көп хабары болуы керек деп ойлаймын, себебі аудан экономикасының дамуы елдің экономикасы дамуының көрсеткіші.

Өзімнің депутаттық қызметімде мына мәселелердің шешімін табу үшін жұмыс жасаймын:

Ауыл тұрғындарының күнделікті өмірінің жақсаруына, қарттарға, балаларға және тұрмыс жағдайлары нашар отбасыларына көмек беруге;

Ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасын жүзеге асыруға, ауыл тұрмысын жақсартуға, жеке шаруашылықтардың өріс алып дамуына, жұмыспен қамтамасыз ету жолындағы жұмыстарды жандандыруға;

Округ аумағында шағын және орта бизнесті әрі қарай дамыту бойынша мәселелерді шешуге;

Ауылды жерде жас мамандарға ерекше көңіл бөліп, олардың жұмыспен, баспанамен қамтамасыз етілуіне көп көңіл бөлуге;

Округ аумағында әлеуметтік саланың дамуына, мектептер мен денсаулық сақтау мекемелерінің, мәдени ошақтардың өркендеуіне күш салуға;

Елді мекендердегі көгалдандыру жұмыстарын қолға алуға, жолдарды жөндеуге ықпал жасаймын.

Депутат болған жылдарда барлық сайлаушылардың мүддерлерін бірінші орынға қойып келемін. Болашақ депутат ретінде де ауылды дамытуға арналған бағдарламалармен жұмыс жасауды қолдайтын боламын.

Біздің көп ұлтты мемлекетіміздің қарқынды дамуы үшін бізге бірлік, келісім, достық, барлық ұлттар мен ұлыстардың тілі мен мәдениетін дамыту қажет. Біз барлығымыз да еліміздің игілігі үшін, қазақстандықтардың жақсы жағдайда өмір сүруі үшін жұмыс жасайтын боламыз.

Жариялым депутаттыққа кандидат В.Я.Казаркиннің сайлау қорынан төленген.

№ 13 сайлау округі бойынша Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидат ОЛЕЩУК ВЛАДИМИР МИХАЙЛОВИЧТІҢ сайлауалды бағдарламасы



Мен 1959 жылы Көкшетау облысы, Арықбалық ауданы Матвеевка ауылында дүниеге келдім. Білімім – жоғары, инженер-жерге орналастырушы. Еңбек жолым 1976 жылы «Константиновка» кеңшарында тракторшы болып бастадым. 1986 жылы «Лобановский» совхозы кәсіподақ комитетінің төрағасы болып сайландым, қазіргі уақытта Лобаново ауылында тұрамын. Үйленгенмін, 4 балам, 5 немерем бар.

Құрметті сайлаушылар!

20 наурыз күні аудан сайлаушыларының алдында Айыртау аудандық мәслихатына депутаттарды сайлау жауапты науқаны тұр. Менің ниетім - Айыртау аудандық мәслихаты депутаттығына сайланып, қоғамға, халыққа, әрбір адамға қызмет ету. Мен – ауыл тұрғынымын, сондықтан маған сіздердің мәселелеріңіз жақсы таныс. Ауданның, облыс пен мемлекеттің өркендеуі – ауылдармен олардың тұрғындарының жақсы өмір сүруіне тәуелді. Сондықтан да, менің сайлауалды бағдарламам ең бірінші ауылдық жерлерді дамытуға негізделген.

Егер маған Айыртау аудандық мәслихатында сіздердің мүдделеріңізді қорғау сеніп тапсырылса, мен кезек күттірмейтін мына мәселелердің шешіміне қол жеткізетін боламын:

- Ауыл шаруашылығы өндіріс кешендерін қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламаларды сәтті жүзеге асыру үшін, ауылдың әлеуметтік қажеттіліктеріне кететін шығындарды көбейту мәселелерін шешу;

- Ауыл тұрғындарының кіріс көзін арттыру үшін қажетті жағдай жасау;

- Жергілікті маңызды жолдардың жөндеуі мен сапасын арттыру;

- Көпбалалы және аз қамтылған отбасылар мен мүгедектерді қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру және жетілдіру;

- Өз кезегінде жана жұмыс орындарын қалыптастыратын мемлекеттік жеке серіктестік механизміне негізделген жаңа жобаларды енгізу арқылы, шағын және орта бизнесті қолдау арқылы, әсіресе, жастарға ауылда қалуы үшін және мамандық алып, ауылға оралулары үшін барлық жағдайды жасау арқылы ауданның қаржылық саласын жетулдіру;

Егер маған Айыртау аудандық мәслихатының депутаты болу сенімі жүктелсе, онда мен өз сайлаушыларымның сенімін ақтау үшін қолымнан келгеннің бәрін жасайтын боламын.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін бізде «Қазақстан-2050» ұзақмерзімді Стратегиясы, «100 нақты қадам» бес институционалды реформаларды жүзеге асыруға арналған Ұлт жоспары секілді мықты жоспар жұмыс жасайды.

Бізде Отанымыздың игілігі үшін қызмет етуге деген тілек және еліміздің бейбітшілігі мен тұрақтылығы бар.

Жариялым депутаттыққа кандидат В.М. Олещуктың сайлау қорынан төленген.

№ 8 сайлау округі бойынша Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидат ҚҰЛБАЕВА НҮРГҮЛ ҚАБДРАШИТҚЫЗЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы



Мен 1966 жылы 5 шілдеде Көкшетау облысы, Чкалов ауданы, Қарағаш селосында дүниеге келдім. 2010 жылы Қазақ спорт және туризм академиясын аяқтадым. Еңбек жолын 1983 жылы Комсомолдың 40-жылдығы атындағы Көкшетау тігін фабрикасында тігінші-моторист болып бастадым. 1987 жылдан 1992 жылға дейін Көкшетау облысы статистика басқармасында ЭЕМ операторы болып жұмыс істедім. 1993 жылдан қазіргі уақытқа дейін Шоқан Уәлихановтың тарихи-этнографиялық мұражайында экскурсия жүргізуші болып істеймін.

Құрметті сайлаушылар!

Аудандық мәслихатқа депутат болып сайланған жағдайда келесі мәселелерді шешуге тырысамын:

- Көп балалы және аз қамтылған отбасыларды қолдау;
- ауданның елді мекендерін өркендетуге, абаттандыруға, көркейтуге;
- селолардағы мектеп мұғалімдерін, медицина саласы қызметшілерін қолдау;
- салауатты өмір салтын, дене шынықтыру мен спортты қалыптастыру;
- ауыл, село жастарын қолдау (ауылдық жастарға бос уақытты ұйымдастыру орталықтарын орнату, жас мамандарды баспанамен қамту).

Жариялым депутаттыққа кандидат Н.Қ.Құлбаеваның сайлау қорынан төленген.

№ 8 сайлау округі бойынша Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидат НҮРМАНОВА ҚАРЛЫҒАШ ҚОЙБАҒАРҚЫЗЫНЫҢ сайлауалды бағдарламасы



Мен 1962 жылы 20 қазанда Көкшетау облысы, Володар ауданы, Қызыләскер селосында дүниеге келдім. 1990 жылы Шортанды педагогикалық училищесін аяқтадым. Еңбек жолын 1981 жылы Заградовка орта мектебінде еден жуушы болып бастадым. 1982 жылдан 1992 жылға дейін Мамлют ауданы Мамлют орта мектебінде, Есіл ауданы «Заградовка» совхозы балабақшасында тәрбиеші болып жұмыс істедім. 1992 жылдан 2010 жылға дейін Сырымбет орта мектебінде, Сырымбет мектеп-интернатында бастауыш мектеп мұғалімі, тәрбиеші болып істедім. 2010 жылдан қазіргі уақытқа дейін Сырымбет орта мектебі жанындағы шағын орталықта тәрбиеші болып істеймін.

орта мектебі жанындағы шағын

Құрметті сайлаушылар!

Аудандық мәслихатқа депутат болып сайланған жағдайда келесі мәселелерді шешуге тырысамын:

Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет салаларының материалдық базасын нығайтуға;
Көп балалы және аз қамтылған отбасыларды қолдау;
Орта және шағын бизнесті дамытуды қолдау арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу;
селолардағы мектеп мұғалімдерін, медицина саласы қызметшілерін, жастарды қолдау. Оларға жұмыс және демалыс үшін жағдай жасау керек деп ойлаймын.

Жариялым депутаттыққа кандидат Қ.Қ.Нұрманованың сайлау қорынан төленген.

№ 11 сайлау округі бойынша Айыртау аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидат ЛОРИОНОВ ЛЕОНИД ЮРЬЕВИЧТИҢ сайлауалды бағдарламасы



1985 жылы Көкшетау облысы, Арықбалық ауданы, Арықбалық ауылында туылған. Орыс. Білімі – жоғары, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетін бітірген. «Көкшетау» МҰТПМ Арықбалық филиалының директоры қызметін атқарады. «Нұр Отан» партиясының мүшесі.

Кімге сенім артса, соны сайлайды.

Құрметті сайлаушылар!

Қазақстан Респу-бликасының азаматы ретіндегі менің алдымдағы ең бірінші және негізгі міндетім:

Қоғамымыздағы бейбітшілікті, достық пен ұлтаралық келісімді нығайту;

Аз қамтылған және көпбалалы отбасылар мен мүгедектерге көмек көрсету;

Адамдардың жалпы жағдайын көтеру, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы жаңа жұмыс орындарын қалыптастыру;

Экологиялық игіліктер мен көгалдандырылған орындарды қорғау мәселелерін шешу;

Салауатты өмір салтын насихаттау, спортты дамыту;

Елді мекендерді абаттандыру мен жолдарды жөндеу мәселелерін шешу;

Ауылдағы тұрғын үй құрылысын дамыту мен спорттық және балаларға арналған ойын алаңдарының ашылуын қамтамасыз ету;

Жастарды ауылдық жерлерге тарту, мемлекеттің жастар саясатына араластыру, жұмыспен қамту.

Мен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайлансам, бәрімізге ортақ осы мәселелерді шешуге бар күш-жігерімді саламын. Заңның шеңберінде өз сайлаушыларымыздың мүдделерін барлық деңгейде қорғайтын боламын.

Жариялым депутаттыққа кандидат Л.Ю.Ларионовтың сайлау қорынан төленген.

Қоғам және заң

ЖАҢА КОДЕКС

Қылмыстық, Қылмыстық процессуалдық, Әкімшілік құқық бұзушылық және Қылмыстық-атқару кодексіне заман талабына сай өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы халық қалаулылары арасында қызу талқыланып жүрген болатын.

Енді міне, сол жұмыстар ойдағыдай жүзеге асып, бүгінде Қылмыстық кодекс, Қылмыстық процессуалдық кодексі, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекс және Қылмыстық-атқару кодексінің жаңа редакциялары Парламентте қабылданып, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа еңгізілді.

Біздің еліміз көптеген халықаралық конференциялардың, келісімдер мен шарттардың қатысушысы болып табылады. Ендеше, осылардың бәрі құқықтық нормалармен реттелуі қажет. Міне, осы орайда жаңа Қылмыстық – атқару кодексі қажет болды. Қылмыстық-атқару кодексі ұлттық, басымды тетіктіреді, қоғамдық бақылау комиссиясы мен камералық шартпен бас бостандығынан айырылу түріндегі жазасын алу ерекшеліктерін қарастыратын жаңа баптармен толықтырылды. Жаңа Қылмыстық – атқару кодексінің ең алдымен, қылмыстық заңнаманы жетілдіруге, мына жағдайда қылмыстық жазаны өтеудің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Кодекс жобасы бойынша жазаны орындау тетігі – ең алдымен, прогрессивтік жүйе бойынша бостандығынан айыру, пробациялық бақылау механизмі үшін құқықтық негіз қалау, сотталғандарға қажетті әлеуметтік, құқықтық және психологиялық көмек көрсету түрінде жетілдірілді.

Қылмыстық – атқару кодекстерінің жаңа редакциясы қылмыстың алдын алу мақсатын жүзеге асыруда тиімді. Көптің талқысына салынған бұл кодекстің құқық бұзушылықтың азаюына септігін тигізетіні болжануда. Сондықтан бұл жаңа Қылмыстық – атқару кодексі жазалауда әділеттіліктің үстемдік етуін қамтамасыз етуге тиіс.

Әнуар БАТЫШЕВ,
Айыртау ауданының ПҚБ инспекторы,
әділет лейтенанты.

САТЫЛАДЫ

* ШҰҒЫЛ! 2 бөлмелі пәтер сатамын.

Мекенжайы: ЖДС көшесі, №1 үй, №3 пәтер. Тел: 87710915329.

* Семіртүлі тұрған жылқы сатамын.
Қаратал а. тел: 52-509.

(2-2).

Айыртау аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXXVII сессиясының 2016 жылғы 25 ақпандағы №5-47-1 шешімі

«2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті туралы» Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 5-44-1 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 104-бабы 5-тармағына, 106-бабына, 111-бабы 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармақ 1) тармақшасына сәйкес, Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 5-44-1 «2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3545 2016 жылғы 13 қаңтарда тіркелген, 2016 жылғы 21 қаңтарда «Айыртау таңы» газетінде, 2016 жылғы 21 қаңтарда «Айыртауские зори» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1- тармақ келесі редакцияда

мазмұндалсын

«1. 2016-2018 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті тиісінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2016 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 4 246 601,0 мың теңге, оның ішінде:

- салықтық түсімдер бойынша – 629 943,0 мың теңге;
- салықтық емес түсімдер бойынша – 4 540,0 мың теңге;
- негізгі капиталды сатудан түсімдер – 15 517,0 мың теңге;
- трансферттер түсімдері бойынша – 3 596 601,0 мың теңге;
- 2) шығындар – 2 466 428,8 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредит беру – 15 036,0 мың теңге, оның ішінде: бюджеттік кредиттер – 38 178,0 мың теңге;
- бюджеттік кредиттерді өтеу – 23 142,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 7 000,0 мың теңге, оның ішінде:

- қаржы активтерін сатып алуға – 7 000,0 мың теңге;
- мемлекеттік қаржылық активтерін сатудан түсімдер – 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (артықшылығы) – - 41 863,8 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (артықшылығын пайдалану) – 41 863,8 мың теңге, оның ішінде: қарыздардың түсуі – 38 178,0 мың теңге; қарыздарды өтеу – 23 142,0 мың теңге; бюджет қаражатын пайдаланылатын қалдықтары – 26 827,8 мың теңге.;
- 11- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын

«11. 2016 жылға аудандық жергілікті атқарушы органның резерві 6000 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

келесі мазмұндағы 11-1 тармағымен толықтырылсын

«11-1.9 қосымшаға сәйкес аудан бюджетіндегі қаржылық жыл басына қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтары және 2015 жылы пайдаланылмаған республикалық және облыстық бюджеттерден берілген нысаналы трансферттерді қайтару есебінен шығыстар көзделсін.»;

көрсетілген шешімнің 1, 5 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын (қоса беріледі); осы шешімнің 3 қосымшасына сәйкес 9 қосымшамен толықтырылсын (қоса беріледі).

2. Осы шешім 2016 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енеді.

С.ПОНОМАРЕВ,
Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының
XXXXVII кезектен тыс сессиясының

төрағасы.

Р.ТІЛЕУБАЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихатының
хатшысы.

«КЕЛІСІЛДІ»
«Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау ауданының экономика
және қаржы бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің басшысы
М.Рамазанова.

2016 жылғы 25 ақпан

Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылдың 04 наурызында № 3647 тіркелген, Айыртау ауданының мәслихат аппаратының maslihat-airtau.sko.kz сайтында жарияланған

Айыртау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 ақпандағы №5-47-1 шешіміне 1 қосымша
Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 5-44-1 шешіміне 1 қосымша

2016 жылға арналған Айыртау ауданының бюджеті

Санаты		Атауы	Сомa, мың теңге
Сыныбы	Ішкі сыныбы		
1		1) Кірістер	4 246 601,0
		Салықтық түсімдер	629 943,0
	01	Табыс салығы	36 899,0
		2 Жеке табыс салығы	36 899,0
	03	Әлеуметтік салық	229 009,0
		Әлеуметтік салық	229 009,0
	04	1 Мәшікке салынатын салықтар	185 930,0
		1 Мүлікке салынатын салықтар	108 282,0
	3	Жер салығы	10 488,0
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	59 700,0
		5 Ырынғай жер салығы	7 490,0
	05	1 Ауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	172 405,0
		2 Ақциздер	3 530,0
		3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	150 840,0
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	17 900,0
		5 Ойын бизнесіне салық	135,0
08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5 700,0
	1	Мемлекеттік бақ	5 700,0
2		Салықтық емес түсімдер	4 540,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 890,0
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 890,0
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	650,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	650,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	15 517,0
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3 600,0
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3 600,0
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	11 917,0
	1	Жерді сату	11 917,0
4		Трансферттердің түсімдері	3 596 601,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 596 601,0
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 596 601,0

Функционалдық топ	Әкімшілік	Бағдарлама	Атауы	Сомa, мың теңге
			2) Шығындар	4 266428,8
			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	344 079,0
01			Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	14 548,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 548,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	88 598,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	88 598,0
123			Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	199 006,0
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	198 586,0
459			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	31 554,0
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28 654,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 900,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 000,0
458			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	10 373,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	10 373,0
02			Жергілікті деңгейдегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 416,4
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	8 416,4
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	7 724,0
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	388,4
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	304,0
003			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	200,0
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	200,0
		021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	200,0
04			Білім беру	3 269,0
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	553,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 234,0
		003	Жалпы білім беру	661,0
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	11 256,0
		006	Балаларға қосымша білім беру	2 804 030,0
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	34 333,0
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайының ақшалай қаражат төлемдері	22 449,0
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	154 439,0
				22 976,0
				1 436,0

	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	13 143,0
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	165 299,0
	067	Бөдомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	4 700,0
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	35 492,0
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	35 492,0
		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	167 145,0
06	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	156 849,0
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29 649,0
		Жұмыспен қамту бағдарламасы	26 229,0
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	939,0
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	4 348,0
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	935,0
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	16 207,0
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 268,0
	011	Жәрдемдақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 963,0
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	48 084,0
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемдақылар	8 788,0
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті пиналдық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	18 439,0
		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	10 296,0
464	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	10 296,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	87 553,3
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	22 722,0
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	16 727,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	3 740,0
	010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	195,0
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	1 560,0
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	147,0
	024	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	147,0
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	53 000,0
	004	Азаматтардың жекелген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	3 000,0
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	25 000,0
	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелері қолдануды ұйымдастыру	25 000,0
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	6 432,0
	026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	6 432,0
	472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	4 000,0
	003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	4 000,0
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	146 881,0
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	92 840,0
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 504,0
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	41 918,0
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	40 863,0
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	535,0
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	19 054,0
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 061,0
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	4 900,0
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	4 093,0
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	31 987,0
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 885,0
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 072,0
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	3 030,0
	032	Бөдомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	20 000,0
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	3 000,0
	008	Спорт объектілері дамыту	3 000,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	130 121,0
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	15 875,0
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	15 875,0
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	17 945,0
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17 945,0

	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	9 889,0
	001	Жергілікті деңгейде жер қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 889,0
	473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	86 412,0
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 467,0
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	390,0
	008	Алып қойылатын және жоюлатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың қунын иелеріне өтеу	3 040,0
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	3 531,0
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	63 984,0
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	11 002,0
	472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	11 002,0
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 002,0
12		Көлік және коммуникация	30 154,0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	30 154,0
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	28 549,0
	037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	1 605,0
13		Басқалар	52 783,0
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	37 791,0
	040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	37 791,0
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5 700,0
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	5 700,0
